



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

мақалалар жарық көре бастады. Олардың авторлары талантты суреші, мүсінші әрі ақын Сердалы Бекшораұлы туралы айрықша сүйіспеншілікпен жаздынды көрсетілген.

Сөздің тобықтай түйіні: Жоғарыда айтылған ғалымдар мен зерттеушілердің көзқарастары қайраткер - жалпы ұлттық, мемлекеттік деңгейде ойлай алатын, өзіндік көзқарасы бар, дара тұлға. Қайраткер әманда өзінің қарақан басынан халықтың, елдің мүддесін жоғары қойғанды осының дәлелі деуге сияды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мендеке Ә. Қазалы қаласының алғашқы кірпішін қалаған кімдер? Тағы да Сердалы Бекшорин жөнінде // Жас Алаш. - 2006. – 3 қазан.
2. Марғұлан Ә.Х. Бекшораұлы Сәрдәлі: [XIX ғ-дың орта кезіндегі суретші, әрі қоғам қайраткері] // Қазақ совет энциклопедиясы.- Алматы, 1973.- 2 Т. 246 б.
3. «Сыр бойы» газеті. 2007ж. №7. 17 ақпан. Б. 2-3.
4. Сердалиев Қ. «Дала даналары» кітабы. Алматы: «Дәуір», 2012. 239 б..

ӘОЖ 574 (94)

ТОНЫКӨКТИҢ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯСЫ

Смағұлов Нұртас Бирликович

nsmagulov@gmail.com

Еуразиялық зерттеулер кафедрасының 3 курс докторанты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С. Сыздықов

Орхон өзені бойындағы орналасқан түркі халқының ғана емес, бүкіл адамзат өркениетінің мәдени мұрасы Тоныкөк ескерткішіндегі жазудың мазмұнына ғылыми тұрғыдан тарихи талдау жасағанда біздің түсінгеніміз, ондағы көне жазуда түркі халқының тәуелсіз ел болуды, ұрпағының еркін азат болуын насихаттайтын үндеу-Манифесі жарияланған екен. Ел мүддесі жолында аянбай қызмет жасаған және батыл шешімдер қабылдайтын мемлекеттік кеңесші Тоныкөктің тұлғасы бүгінгі Тәуелсіз Қазақ Елінің жастарын отансүйгіштікке тәрбиелейді. Екінші Түрік Қағанатының негізін қалаушылардың бірі, қайраткер тұлға Тоныкөк үш бірдей қағанға кеңесші болып, мемлекеттің сыртқы саяси бағыты мен ішкі идеологиясын тікелей өзі жүргізіп отырған. Тоныкөктің және оның идеялас серіктерінің жүргізген табысты саясатының нәтижесінде Екінші түрік Қағанатының халықаралық аренада ықпалды мемлекетке айналады.

2014 жылға 12 қарашада Елбасы Н.Ә. Назарбаев Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз Жалпыұлттық идеямыз - Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан 2050» стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры!..Мәңгілік Ел идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді», – деді [1, 2].

Көшпелілер тарихында артында өшпес атақ-даңқын қалдырып; ақыл-парасатына, қол қайратына, көрегендігіне табындырып; ел-жұртының қасіретін, қуанышын, ерлігі мен елдігін тасқы жыр ғып қашап, мәңгілік мұра қалдырған Тоныкөк мықты тұлға болды [2, 37]. Екінші Түрік Қағанатының негізін қалаушылардың бірі, көк түріктердің Ашидә тайпалық

бірлестігінен шыққан қайраткер тұлға Тоныкөк үш бірдей қағанға кеңесші болып, қиын – қыстау кезде әскерге қолбасшылық жасады.

1897 жылы Сібір археологиясының белгілі маманы Д.А. Клеменц көне түрік дәуірінің баға жетпес мұрасы Тоныкөктің кешенді ескерткішін Орталық Моңғолия даласынан тапты. 1898 жылы ескерткіштегі жазулар фотосуретке түсіріліп эстампжы жасалынды. В.В. Радлов мәтіннің алғашқы аудармасын жасап, ескерткішті жариялауды жүзеге асырды. Ескерткіш Улан-Батордан оңтүстік-шығысқа қарай 66 км жердегі Баян-Цогт шатқалында, Тола өзенінің оң жағалауында және Налайха елді мекенінің ортасында орналасқан [3, 68]. Көк түріктердің тәуелсіздік соғысына дайындықтан бастап, Құтлық-Елтеріс қаған, Қапаған мен Білгенің тұстарында мемлекетке 46 жыл бойы үздіксіз қызмет еткен Тоныкөк тікелей өзі басқарған жорықтарында ешқашан да жеңіліске ұшыраған жоқ [4, 57].

Орасан зор ақыл мен білімге және әскербасшылық қабілетке ие ол түркілердің үш қағанына кеңесші болып, әскери істер және көрші елдермен дипломатиялық қатынастарды шебер ұйымдастыра алды. Екінші Түрік қағанатының қағандарына кеңесшісі және қайта жаңғырған қағанаттың бас идеологы болған Тоныкөктің шығу тегі туралы мәселе ғылыми-зерттеулерде жан-жақты қарастырылған. Атақты қытайтанушы Н.Я. Бичурин 1851 жылы жарияланған «Орта Азияны мекендеген халықтардың көне заманғы тарихы» еңбегінде Тоныкөк жөнінде алғаш рет мәселе көтеріп, былай деп жазған: «Ашидэ Юань-чжень был взят под стражу правителем дел Ван Бэнь-ли. Случилось, что Гудулу произвел набег. Юань-чжень просил дозволение внушить поколению откупиться от вины. Это было дозволено. Как скоро поколения покорились, то Гудулу составил с ними заговор, в следствие которого все, и Або, и Дагани, поверстаны в число рядовых». [5, 267].

Сонау В. Томсен және атақты синолог Ф.Хирттен бастап көптеген зерттеуші ғалымдар Юань-чжень мен әйгілі көне түрік данышпаны Тоныкөкті бір адам ретінде қарастырып, оған өздерінің ғылыми-зерттеу еңбектерін арнаған. Олар зерттеу объектісін дәлелді фактілермен негіздеп бұл мәселе жөнінде дәйекті ғылыми тұжырым жасайды.

Зерттеуші академик В.В. Бартольд өз еңбегінде Тоныкөкке қатысты мына мәліметтерді баяндайды: «В китайских источниках Тоньюкук упоминается только с 716 г.; что касается его роли в царствование Ильтериса, то те подвиги и заслуги, которые Тоньюкук приписывает себе, по словам китайцев, были делом некоего Ашидэ Юань-чжэня, будто бы убитого в 689 г., в войне с тюргешами» [6, 314]. Яғни В.В. Бартольдқа сүйенсек қытай деректерінде Тоныкөк есімінің ең алғаш кездесуі тек 716 жылдан басталады. Мұнымен қоса қытайлықтар Елтеріс-Құтлық билік құрған жылдардағы Тоныкөктің рөлі, оның ерлігі мен сіңірген қызметіне күмән туғызады және Тоныкөк өзіне-өзі жазған деп баяндайды. Олардың пікірінше, бұл 689 жылы түркештермен болған соғыста қайтыс болған Ашидэ Юань-чжэньнің ісі болған. Осы еңбегінде В.В. Бартольд қытайтанушы Ф.Хирттің Юань-чжэнь мен Тоныкөктің бір адам екендігіне қатысты тікелей айғақ мәліметтер келтіргендігін жазады. Тоныкөктің өліміне қатысты қауесетті алыс батыста Можчо хан (Қапаған қаған) мен Тоныкөктің өздері таратуы мүмкін. Саяси тұрғыдан алғанда Екінші түрік қағанатының қағаны Қапаған мен қытай үкіметі арасында уақытша болса да жақсы қарым-қатынас жолға қойылды: қытайлықтардың ең қауіпті жауы, «сатқын» Юань-чжэньнің жоғалып кетуі бұл достық қарым-қатынастың нығаюына қолайлы жағдай туғызды. Бұл арада біз қытайлық сарай жылнамашыларының қатесін көреміз, себебі жорық басында екінші түрік қағанаты әскерінің қолбасшысы Юань-чжэнь болса, кейін Мочжо (Қапаған) болды деп баяндайды және тарихшы бұл өзгерісті Юань-чжэньнің өлімімен түсіндіреді.

Зерттеуші академик В.В. Бартольд кейін өмірінің соңғы жылдарында түріктің құпия жазуының кілтін тұңғыш тауып, түрік өркениетінің дамуын көрсетуге өлшеусіз үлес қосқан дат ғалымы В. Томсенға арналған энциклопедиялық зерттеу мақаласында Тоныкөкке арналған оның пікіріне тағыда оралады және мынандай баға береді: «1916 жылы жарық көрген «Тоныкөктің тұлғасы туралы» деп аталатын зерттеуінде В.Томсен үш ханның

кеңесшісі, түріктердің саяси қайта өркендеу ісінде ең басты рөлді атқардым деп өзі туралы жазған дана Тоныкөктің жеке тұлғасына қатысты шебер сөздермен жазылған беттерді арнады» [7, 764]. Академик В.В. Бартольд мұнымен қатар өз еңбегінде мына мәліметтерді көрсетеді: «Родившийся в период китайского владычества над турками и как бы предназначенный к тому, чтобы сделаться китайцем (так Томсен понимает текст), Тоньюкук, по гипотезе синолог Хирта, принятой Радловым и Томсеном, не погиб, а только считался погибшим в одной из ранних битв, потом воскрес под своим турецким именем, еще долго стоял во главе турецкой империи и в своей надписи со справедливой гордостью говорит о своих подвигах как о примерах для подражания, данных будущим поколениям» [7, 764]. Талдау жасар болсақ, түріктерге қытайлықтар билігі жүріп тұрған дәуірде өмірге келген және қытайлық болуға мүдделі болған дана Тоныкөк Ф. Хирттің болжамы бойынша өлген жоқ, тек ертеректегі бір шайқаста өлген болып есептелген, кейін өзінің бұрынғы түрік есімімен қайта тірілген, сөйтіп ұзақ уақыт бойында түрік империясының басында тұрған және өз жазбасында өзінің ерлік істерін әділ әрі үлкен абыроймен дәріптеп болашақ ұрпаққа үлгі ретінде жолдайды.

Көрнекті шығыстанушы-тарихшы ғалым, археолог, этнолог және Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетінің ірі зерттеушісі А.Н. Бернштамның «V – VIII ғасырлардағы Орхон-енесей түріктерінің әлеуметтік-экономикалық құрылысы» атты іргелі монографиясында Тоныкөктің тұлғасына сипаттама беріп, оны Екінші түрік қағанатының іргесін қалаушы ірі көсем ретінде көрсетіп, Юань-Чженьмен Тоныкөкті бір тұлға ретінде көрсетеді. Әрі қарай зерттеуші А.Н. Бернштам 679 – 682 жылдардағы қытайға қарсы түріктердің азаттық күресі кезіндегі Тоныкөктің қабылдаған тарихи шешімі жөніндегі іс-әрекетіне былай деп сипаттама береді: «Тоныкөк (Юань-чжен) – түрік – ол қытайда тәрбиеленген. Өзінің қандай да бір кінәлілігі үшін түрмеде отырған ол көтерілісші түріктерге қарсы күресуге сұранды. Бостандық алған ол түріктерге қосылды және оларды қытайға қарсы күресуге бастады. Тоныкөк ірі белгілі рудан шықты...Тоныкөк ең бастысы Елтеріс қағанның идеологиялық қызметкері, және оның бас кеңесшісі болды» [8, 180]. Г.Е. Грумм-Гржимайлоның «Батыс Монғолия және Ұранхай өлкесі» атты іргелі еңбегінде Құтлық-Елтеріс қағанның жағдайының күрт жақсарғанын Тоныкөктің Көк түріктерге қосылғанынан деп есептейді. «Тоныкөк Құтлықтың адал одақтасы ретінде оған көптеген түрік руларын қаратты, соған қарамастан Құтлықтың ұйғырлар жеріне жасаған шапқыншылығы да оның ауыр жағдайын онша жақсартпа алмады» [9, 285]. Аталған еңбегінде Г.Е. Грумм-Гржимайло Ф.Хирттің Юань-чженді бір адам ретінде көрсететіне сілтеме жасайды. Бірақ бұл мәселенің жауабын Ф. Хиртке қалдырады.

Л.Н. Гумилев Г.Е. Грумм-Гржимайлоның пікіріне сүйеніп, Ашидэ Юань-чжень мен Тоныкөкті екі адам деп қабылдап: «Құтлық қытайша білім алған адамдарды: Ашидэ Юань-чженді және Тоныкөкті өз жағына тартып, соларды көздеген мақсатына пайдаланды. Мұндай адамдар жаудың осал жағын және оларды қалай жеңуді жақсы білді. Әрі шындығында да көп ұзамай соғыстың барысы басқаша болып өзгерді», - деп жазды [10; 272]. Сірә Тоныкөктің шығу тегінің күрделілігі мен толып жатқан қарама-қайшылықты ғылыми пікірлердің болуы себебінен Л.Н. Гумилев бұл мәселеге терең үңілмесе керек. Тоныкөктің жазба ескерткішінің мәтініне ғылыми талдау жасаған И.В. Стеблева бұл ұлы тұлғаның екінші Түрік қағанатын құрудағы еңбегінің аса зор екеніне тоқталады: «Тоньюкук принадлежавший ко второму по значительности роду Ашидэ, был действительно заметной фигурой, сыгравшей важную роль и истории второго Восточно тюркского каганата. С его помощью Кутлук пришел к власти и был провозглашен каганом. В дальнейшем Тоньюкук а качестве советника, первого доверенного лица кагана, участвовал и отчасти руководил военными походами тюрков сначала при Илтерис-кагана, затем при его преемника – Капаган кагане. После непродолжительной опалы в начале правления Билге кагане Тоньюкук снова

обретает функции ближнего советника кагана во всех делах тюркского каганата, в том числе и в военных» [11, 80].

Танымал түркітанушы ғалым С.Г. Кляшторный «Юань-чжень Құтлыққа қосылған сон – Тоныкөк деген түрікше атты қабылдады», - дейді [3; 103]. С.Г. Кляшторный бұл ғылыми тұжырымдамасын былайша негіздейді: «Имя Юаньчжень также двусоставное. Его первая часть – юань «первенец, первородный» – имеет то же значение, что и тюркское *top*. Вторая часть – чжень «драгоценность, сокровище» – по значению буквально совпадает с тюркским *jocuq* (*joq* – «ценить, хранить, возвыщать»). Таким образом, можно констатировать, что имена Тоныкөк и Юаньчжень семантически эквиваленты. Империяға бағынышты болған басқа да түрік көсемдері сияқты Құтлық жағына өткенге дейін Тоныкөк қытайша атау иеленген [3, 106]. Тоныкөк есіміндегі «Тон» сөзін қытайша «юань» сөзімен али юкук – «асыл зат» деген мағына беретін сөз дей келе, оны қытайша «чжэнь» «асыл», «бағалы» сөзімен байланыстырып, Тоныкөк пен «Ашидэ Юань-чжень» бір адам деген қорытынды шығарады.

Мырзатай Жолдасбеков пен Қаржаубай Сартқожаның 2007 жылы жарық көрген «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» еңбегіндегі Тоныкөк атауының этимологиясына арнайы тоқталған: «*Tuj* – түйғын сөзінің басқы буыны. Алғашқы Түрік қағанаты жауынгерлерін «*bori*» деп атаса, екінші Түрік қағанаты заманында алдыңғы шептегі жауынгерлерді «Түйғын» деп атаған. Түй-ұқық – ұлы дала соғысында қол бастаған кісі. Сондықтан «Түйғын» аталуы әбден мүмкін. *Uqoq* – ұқық, абыз, ой-сана, ақыл. Бұл атақ та Түй-ұқыққа лайықты. Ол қытайдың Тан империясының ақсүйектер оқитын мектебінде 4-5 жыл оқыған. Білімді, талантты адам. Әрі Түрік қағанатының Елтеріс-Құтлық, Қапаған, Білге іспетті үш қағанның кеңесшісі», – деп талдаған [12, 320].

Сыздықов С.М. Тоныкөк атауының этимологиясына арнайы тоқталып: «Біздіңше, өзімізге дейінгі ғалымдардың пікірлеріне түсіністікпен қарай отырып, бұл атаудың тарих сахнасына шығуының күрделі тарихи себептерінің бар екендігіне көңіл аудармақпыз. Біріншіден, Түйұқықтың шыққан ортасын алып қарасақ, ол – Білге қағанның қайын атасы. Ол жас кезінде Қытай астанасында он үш жыл тұрып оқыған және тәрбие алған. Сол кездегі қағанат басында отырғандар екіге: «ашина» және «ашидэ» болып бөлініп тұрғаны белгілі. Мұнда ашиналықтар басым рөл атқарғаны мәлім. Алайда, ашидәліктердің қолдауынсыз қағанат берік бола алмайтын еді. Ашина Құтлық қаған ашидәліктердің сеніміне ие болғанан кейін ғана 682 жылы Екінші Түрік қағанатын құра алды. Тоныкөк өзінің қағанның кеңесшісі және әскери қолбасшы болғанын жазады», - деп тұжырымдайды [13, 75].

Тоныкөк атауының этимологиясы мен тегінің шығуы жөніндегі мәселені терең, әрі байыпты зерттеген Сыздықов С.М. қытай тарихшысы Ма Шан Шудың (Ма Шан Шу. Түріктер және Түрік қағанаты. П.1996.166 бет) пікіріне сүйене отырып, мынадай ғылыми тұжырымға келген: «Түйұқықтың шығу тегі – қарлықтардың чигиль тайпасының себек руынан, ал шешесі жағынан қарлықтардың моуло тайпасынан екенін байқаймыз. Ендеше, Түйұқықтың шыққан жері Алтайдың бұрын қарлықтар мекендеген жері – ежелгі түркі патшаларының қорымы – Укок маңайынан деуге болады. «Түйұқық» атауының екінші түбіріндегі «ұқық» пен «укок» сөздерінің үндестігі анық байқалып тұр. Сонау скиф, сақ, ғұн заманынан патшалар мен данышпандардың киелі орны болған Укок атауының Тоныкөкке берілу мүмкіндігі қисынды. Бұдан «укок» атауының «ұқық» (ақыл, абыз, ой-сана) сөзінің мағынасына қайшы келмей, қайта оны толықтыра, аша түсетінін аңғаруға болады», - деп жазды [14, 40]. Ташағыл А. өзінің «Көктүріктер» деп аталатын іргелі еңбегінде Тоныкөктің Көктүрік қағанатын құрып және мемлекеттің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесін қытай деректеріне сүйене отырып жан-жақты зерттеген. Автор алғашқы дерек көздері мен көне қытай қолжазбаларына сүйене отырып, көк түріктер мемлекетінің саяси құрылысын, тарихын, халықтың салт-дәстүрлері және мәдениеті туралы барынша терең зерттеу жұмысын жүргізіп үлкен ғылыми еңбегін жарыққа шығарды. Ахмет Ташағылдың «Көк түріктер» атты

ғылыми еңбегі әлемнің танымал ғалымдары тарапынан жоғары бағаға ие болған. Ахмет Ташағыл «Көктүріктер» еңбегінің III томындағы «Тоныкөктің Қытайдан қашып Құтлыққа қосылуы» деген параграфындағы Тоныкөктің тұлғасы туралы былай жазған: «Бұл арада Шын (Қытай) әскеріне бағынышты болған тайпаларды тексеруші қызметіндегі (Қытайлар тарапынан) Ашидэ Юань-Чжень басшы орынбасары Уанг Пенли тарапынан тұтқынға түсті. Кейін Құтлық Қытайға тонау мақсатында жасаған шабуылы кезінде Ашидэ Юань-Чжень оның кінәсінің кешіріліп, бұрынғы қызметіне қайта тағайындалуын сұрады. Рұқсат беріліп, түрмеден босаған Тоныкөк өз тайпасы мекендеген жерге келді. Артынша Құтлықтың жанына орналасты. Тоныкөк ақылдылығымен, ұйымдастырушы қабілетімен және әскери қызметтегі біліктілігімен көзге түсіп, Құтлық тарапынан Апа Тархан (әскербасы) болып тағайындалды. Осылайша әскер қызметтерді және әскер аттарын басқару жұмыстары толығымен оның билігіне берілді. Онсызда Құтлық оны қол астына алғанды басқа қолбасшылар да қуанған болатын. Бұдан бұрын да әскербасы болуға үміткер болғандар Ашидэ тайпасынан еді. Бұл көшбасшылар көбіне терең білімдерінің арқасында әр істе жетекші бола білген. Міне, сондықтан бұған дейінгі жақсы қасиеттеріне сүйенген Құтлық та сол тайпадан шыққан Тоныкөкті өзіне орынбасар етіп сайлады» [15, 335].

Юн-шунь билігінің алғашқы жазында 682 жылы Құтлық Қытайға қарсы бүлік шығарды [5, 266]. Ашина әулетінен шыққан, қытайша білім алған Құтлық 630 – 680 жылдар аралығында 50 жыл бойы Қытайға тәуелді болған түрік халқын қытай империясына азаттық көтеріліске бастап шығады. Осы кезде орын алған аса маңызды саяси оқиғаны шебер пайдаланған дана Тоныкөк, түрік халқының тәуелсіздігі үшін көтеріліске шыққан Құтлыққа келіп қосылады. Жеке басы ақылды және айлакер соғысудың әдіс тәсілін жетік меңгерген Құтлық қытайға қарсы көтеріліс жасаудың бұрынғы ескі сарынын пайдаланбай, жаңа шешім қабылдай білді. Әскер саны көп Қытай империясына қарсы соғысудың стратегиялық жоспарын құрып, түрік әскерін жасақтады және күші басым жауды талқандау үшін партизандық күрес тәсілімен де соғысуға үйретті. Әскерді басқаруға түріктердің текті руларынан шыққан ақсүйектердің ұрпақтарын және қытайша білім алған, солардың дәстүр-салтын, әскери қорғаныс ережесін білетін, оқыған, ақылды адамдарды тартты. Өзінің серіктерін жақын сенімді туыстарын да жауапты істерге пайдаланды. Өзін қаған жариялаған соң екі інісіне жабғы атақ-дәрежесін берді. Мемлекеттің құрылуына үлкен рөл ойнаған қытайша білім алған, табғаш елінің ішкі, сыртқы жағдайын жақсы білетін айлалы саясаткер Тоныкөкті өзіне серік етіп, оған әскери күштерді нығайту мен дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуді тапсырды [16, 56].

Тоныкөк көзі тірісінде өзіне қойған бітік таста екінші түрік қағанатының жауларына қарсы соғыстарда әскерге қолбасшылық жасап қаһармандықпен жеңіске жеткен жорықтарын тізбектеп жазған. Тоныкөк асқан білгірлігі және сұңғыла саясаткерлігі арқасында екінші түрік қағанаты кезіндегі елдің ішкі және сыртқы жағдайын тұтастай қамтып көрсете алған. Бітік тасқа жазылған оқиғаларды зерттеген танымал түрколог ғалымдар Томсен В., Радлов В.В., Шавани Е., Оркун Х.Н., Грумм-Гржимайло Г.З., Бартольд В.В., Бернштам А.Н., Малов С.Е., Гумилев Л.Н., Айдаров., Кляшторный С.Г., Жолдасбеков М. Ж., Сартқожаұлы Қ., А. Ташағыл т.б. оқиғаның болған уақытын, жер-су аттарын, соғыс қимылдарына тікелей қатысқан тарихи тұлғалардың атын терең ғылыми-зерттеу жүргізіп көрсетіп дәлелдеді.

Түрік халқының тәуелсіздік үшін соғысы Тоныкөктің бітік тасында былай жазылған: «Орман, тау арасында қалғаны жиылып, жеті жүз болды. Екі бөлігі атты еді. Бір бөлігі жаяу еді. Жеті жүз кісіні басқарушы ұлығы шад еді. «Бірігіңдер» - деді. Біріктіруші мен едім – Білге Тоныкөк. Қағанымен ұғысайын дедім. Ойландым. Одан соң көктегі Тәңірі білек бергендіктен, өзім құдіретті қағанмен ұғыстым. «Білге Түйұқық Бойла Баға-Тарханмен бірге мен Елтеріс қаған болайын» - деді. Түстікте-табғачты, шығыста-қытайды, терістікте-оғызды көп қырды. Білек есі, сөз есіне мен бағындым» [17, 123]. Нәтижесінде Елтеріс Құтлық пен Тоныкөк бастаған азаттық күресі 682 жылы жеңіспен аяқталады [18, 370]. Орхон

ескерткішінің толық Атласындағы еңбекте Тоныкөк жазуының түсініктемесінде авторлар Бойла-Баға-тархан – Тоныкөктің әскери атағы деп түсіндірген [12, 320]. Демек, Бойла Баға-Тархан Тоныкөктің атағы, ханнан кейінгі екінші кісіге ақылшы кемеңгерге, елді, қолды бастайтын көсем батырға берілетін шен. Соныммен Тоныкөк бас қолбасшы (апа тарқан) болды. Бұл функцияны атқаруына оның жазбаларының көптеген жолдары арналған. Ең бастысы ол – тең билеуші болды, оның пікірін есепке алмай ешбір мемлекеттік деңгейдегі мәселе бойынша шешім қабылданбады. Тоныкөктің пікірі қашанда қағанға жеткізілген, ең соңында орындалған. Ол – айғұшы, яғни бас мемлекеттік кеңесші болған [19, 228]. Зерттеуші ғалым С.Сыздықов өзінің Қарлық-Қарахан мемлекетінің тарихына арналған ғылыми зерттеуінде: «Тоныкөк ескерткішіндегі «апа-тарқан» тіркесіне қатысты қытай дерегі бұл атақтың бас қолбасшы лауазымы болғанын көрсетеді» деп тұжырымдайды [13, 259]. Яғни бұл пікірі белгілі синолог Ф.А. Зуевтің тұжырымымен сабақтасады. Түркиялық ғалым Ахмет Ташағыл да «Kök Tanrı'nın Çocukları» атты еңбегінде «апа тарқан» лауазымын әскер басшысы деп көрсетеді [20, 160]. Бұл арада біз жоғарыда аталған ғалымдардың «апа тарқан» лауазымына қатысты ортақ ғылыми пікірде екендігіне көз жеткіземіз.

682 жылы көтерілісшілер жеңіске жетіп, әйгілі Екінші Шығыс Түрік қағанатын тарих сахнасына алып шығады. Дана Тоныкөк Екінші түрік қағанатын құруға тікелей ат салысып, жаңадан құрылған қағанаттың мемлекеттік идеологиясын жасаған тұлға деп айтуға болады.

Тоныкөк ескерткішінде тастағы жазудың басты кейіпкері Тоныкөк алғашқы сөзін өз өмірін айтудан бастайды. Онда былай жазылған: «Білге (дана) Тоныкөк мен өзім Табғаш (қытай) елінде тәрбиеленіп өстім. Ол заманда түрік халқы Табғашқа қараушы еді. Түрік халқының қағаны жоқ еді. Табғаштан бөлініп, қағанды болды. Қағанынан айырылып, Табғашқа және бағынды» [17, 123]. деп жазылған. Бұдан Тоныкөктің түрік тайпасы көсемдерінің бірінің баласы екені аңғарылады. Өйткені ол кезде көшпелілердің тек ел басыларының қытайға амантқа берген балалары ғана император сарайында оқып, тәрбиелене алған [2, 37]. Демек дана Тоныкөк жастайынан қытайдың тәрбиесінде болып, сол жақта білім алып өседі.

Жаңа шаңырақ көтерген елдің іргесін бекітуге мүмкіндік бермей құртып жіберуді көздеген табғаш билеушілері түркілерге көрші тоғыз-оғыз халқын айдап салды. Бірақ жас кезінде табғаш елінде тәрбиеленіп олардың қарсыластарына қарсы қолданатын әдіс-айла тәсілдерін жақсы білетін Тоныкөк асқан көрегендікпен бұл апаттың алдын алып, тоғыз-оғыздардың ішінде өзінің тыңшыларын ұстайды. Ата жауы табғаштардың көктүріктерге қарсы құрған жоспарын біліп алған соң Тоныкөк тоғыз-оғыздарды талқандайды.

Тоныкөктің қайраткерлік тұлғасына өзінің еңбегін арнаған зерттеуші Ахмет Т. бұл оқиға туралы былай баяндайды: «Қытайдағы түрмеден қашып, Көктүрік мемлекетіне бас сауғалаған Тоныкөкті Құтлық қаған, жаңадан жаңғырған қағанаттың Апа Тарханы (әскер басшысы) лауазымына тағайындады. Тоныкөктің жасаған жоспарлары мен болашақты жоспарлай отырып, іске асырған стратегиялары арқасында мемлекет нығайды. Көктүрік мемлекеті таныла бастаған кезде Тоғыз оғыздардың шығыстағы Қытандарға (Табғаштар) және оңтүстіктегі Қытайға елші жіберіп, көктүріктердің күннен-күнге өте жылдам күшейіп жатқандығы туралы алаңдаушылық білдіріп, осыны тоқтату үшін оларға дереу қарсы шабуылдау керектігін өзара ақылдасады. Бұл хабарды өзінің тыңшыларынан естіген Тоныкөк болса, дер кезінде батыл шешім қабылдап, қытайлардың, қытандардың (табғаштар) және тоғыз оғыздардың бастары бірікпей тұрған кезінде жылдам шабуылға шығады. Көктүріктердің екі мың әскерін бастап барып, алты мыңдық тоғыз оғыздарды жеңді. Осылайша, жаңа құрылған Көктүрік мемлекеті Тоныкөктің орынды іс әрекетінің арқасында жойылудан аман қалды. Нәтижесінде Орхон - Енесей аумағындағы түркілер бірікті.» [20, 160].

Бұл оқиға Тоныкөктің бітік тасында былайша қашалып жазылған: «Тоғыз-оғыз халқының үстіне қаған отырды – деді. Табғаштарға Құну-сеңүнді жіберді. Қытайларға Тоңра-

семді жіберді. Сөзді былай жіберді. Азғана түркі халқы шабуы мүмкін. Қағаны алып еді, ақылгөйі Білге еді. Ол екі кісі бар болса, Табғач сені де жояды, шығыстағы қытайды да жояды, оғыз - мені де қырады – деді. Сондықтан Табғачтар беріден шап, қытайлар шығыстан шап, мен сыртынан шабайын. Түрік-есір халқының жерінде өз иесі билік жүргізбесін. Осылай иесін жоқ қылайық – депті. Ол сөзді естіп түнде ұйқым келмеді. Күндіз отырғым келмеді. Содан соң қағаныма өтіндім. Былай өтіндім. «Табғач, оғыз, қытай бұл үшеуі біріге қалса, біз өз іші-тысымызды ұстап қала алмаймыз...Шығыстаға қытайға, терістіктегі Табғашқа, батыстағы құрықанға, түстіктегі оғызға екі-үш мың қол жіберсек, бар ма? деп өтіндім. Қағаным мен өзім Білге Тұй-ұқық өтінген өтінішімді ести тыңдай берді. Содан соң «Көңіліңдегіше баста», - деді. Мен қолды Көк-Өңіден жоғары Өтүкен жынысына бастадым. Сиыр көлікті Тоғладан оғыздар келді. Әскері үш мың екен. Біз екі мың едік. Соғыстық. Тәңірі жарылқады, жеңдік. Одан кейін оғыз қопарыла келді...Өтүкен жеріндегі түрік халқы мені «Білге Тұйұқық Өтүкен жеріне келіп қоныстаныпты» дегенді естіп, түстіктегі халық, батыстағы, терістіктегі халықтар келді» [17, 123].

Ел басына түскен қиын-қыстау кезеңде дана Тоныкөк тапқыр біліктілігімен жеңіске жеткізер жолды қағанға баяндап, жаңадан құрылған қағанатты төніп тұрған қатерден алып шықты. Бұл жеңістен кейін Түрік халқы Алтайдағы киелі мекен Өтүкенге келіп жиналды. Тоныкөктің түрік халқын Өтүкенге орналастырғаны ел арасында үлкен қолдау табады. Түрік халқының дүниетанымында Өтікенге орнығып отыру елдің ішіндегі береке-бірліктің баянды болуымен қатар қаған билігінің мықтылығын және көрші мемлекеттермен саяси әрі саудасаттық қарым-қатынастардың тұрақты болуы себебінен әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан өсудің кепілі мағынасында деп білген.

692 жылы Құтлық қаған өлгеннен кейін, орнына Көк түріктердің ел басқарудағы заңы бойынша інісі 27 жастағы Қапаған отырады. Тоныкөк оған да сенімді серік, білікті ақылшы болып, адал қызмет етеді. Бұл ретте Тоныкөктің өзі тас жазуда: «Қапаған қаған жиырма жеті жасында қаған отырды. Қапағанды қаған отырғыздым. Түн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым. Қызыл қаным төгілді. Қара терім жүгірді. Ісімді, күшімді әбден бердім. Мен өзім барлаушыларды да алысқа жіберіп тұрдым... Қапаған қаған Түрік-есір жерінде тақ киесі де, халық та, адам да, ел иесі де болмас еді», - деп жазғызған [17, 126].

Тоныкөк қаған кеңесшісі қызмет орнын Қапаған қаған тұсында да сақтап қалып, екінші Түрік қағанатының ішкі және сыртқы саясатын жүргізуде белсене араласып отырады. Түркі тарихында әскери өнерді және ақыл мен айланы жетік меңгергендігімен танымал болған Тоныкөк екінші Түрік қағанатын саяси-экономикалық тұрғыдан нығайтып, түріктерді Өтүкенге жинап, елді империя дәрежесіне жеткізуді алдына басты мақсат қылып қойды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін үнемі жорық үстінде болды.

Қапаған қаған заманында Сары өзенің Төгүлін (Шұғай-жыныс алқабын) түріктерге қайтарып алу туралы Қапаған қаған мен Тан империясының әйел императоры У-дэ Цзянь екеуі келісім шартқа отарған. Көп уақыт өтпей-ақ, У-дэ Цзянь келіскен шарттан айныды. Бұған ашуланған Қапаған қаған әскерін атқа қондырып, шығысқа қарай аттандырады. Міне, осы жолы ол Тан империясының 23 қаласын талқандап, мол олжамен еліне қайтады [17, 128].

Түріктердің Тан империясына қарсы жүргізген табысты соғыс қимылдары Тоныкөктің бітік тасында: «Түрік халқы жаралғалы, түрік қағаны отырғалы Шандун қаласына, Теңіз өзеніне шабуыл жасаған жоқ еді. Қағаным өтініп, қол атандырдым. Шандун қаласына, Теңіз өзеніне жіберттім. Жиырма үш қала Бундату жұртында қирап қалып еді», - деп барынша шынайы тұрғыдан баяндалып жазылған [17, 124].

Орхон ескерткіштерінің зерттеген Малов С.Е. өзінің «Көне түрік жазуының ескерткіштері» еңбегінде бұл тарихи оқиғаны «Қолбасшылықты қабылдағын Тоныкөк жиырма үш қаланы алып, табысқа жетті», - деп жазды [21, 66].

Мұның бәрі қаған кеңесшісі Тоныкөктің ел билеу ісінде кемеңгерлігі, көреген саясаткерлігі және соғыс шеберлігін жақсы меңгергендігінің арқасында жеткен жетістіктері болатын.

Түрік халқына жаулық пиғылда болған мемлекеттердің тарапынан ел басына төнген қауір-қатердің кезінде қағанатты қорғауда басты жауапкершілік пен белсенділікті Тоныкөк өз қолына алып отырды. Бойла Баға-тархан дәрежесіндегі дана Тоныкөктің батыл шешімді тікелей өзінің қабылдайтыны жөнінде «мәңгі таста» былай суреттеледі: «Табғаш халқының қағаны біздің жауымыз болды. «Он оқ» халқы қағаны жауымыз болды. Бірақ бәрінен қырғыз қаған мықты жауымыз болды. Ол үш қаған кеңесіп: Алтын жынысы үстінде бірігейік – десті. Былай келісіпті: «Шығыстағы түрік қағанға қарсы аттаналық» - дескен. «Оған қарсы аттанбасақ қашан да олар бізге көрсетеді». Қағаны батыр еді. Кеңесшісі білікті еді. Қашан болса да бізді қыратыны анық. Үшеуіміз бірігіп аттанайық. Тыңдаңдар! Дұрыс ұғысалық – дескен. Түргеш қаған былай деген: «Менің халқым сонда болады, - депті. Түрік халқы да толқуда, оғыздар да дағдарыста – депті». Сол сөзді естіп, түнде де ұйқым келмеді, күндіз де отыра алмадым. Сосын былай ойлады. «Ең алдымен қырғызға қарсы соғысамыз, – дедім. Көгмен жолы біреу ғана және оның қармен жабылғанын естігенде, бұл жолмен жүргенім жарамас дедім. Мен сол жерді білетін жершіл іздедім және далалық аздардан адамды таптым. – Менің туған жерім – Аз едім. Өзімді шөлдегі аз елінің ерімен делік. Аны өзенін (Енесей өзені) жерін білмейді делік. Бір аттылы ғана өтетін жол дейік. Мен айттым: егер сол жолмен жүрсек, онда бұл мүмкін. Мен ойландым және Қағанымға өтіндім» [21, 67].

Тоныкөк бастамашылдықты өз қолына алып, жазды күтпей қырғыздарға дереу шабуыл жасауды, кенеттен бас салуды пайдаланып, оларға күйрете соққы беруді ұсынды. Бұл орайда ең үлкен қиыншылық Саян жондары арқылы әдеттегіден өзге жерден өтуде болды, өйткені Көгмен (батыс Саян) арқылы өтетін асу күзетіліп тұрды. Асуға атой салу ақылға сыймастық болар еді, себебі қырғыздар 80 мың сарбаз шығарып, түрік армиясын түркештер мен табғаш-имперліктер келіп жеткенше ұстап тұра алар еді...Түріктер өз жорықтарының тек кенеттен шабуыл жасағанда ғана табысты болатындығына үміт артты. Басқа жолды көрсетуді мойнына алған жолбасшыны Тоныкөк «далалық аздар арасынан» тапты [10, 297]. Себебі 709 жылы Құтлық қағанның үлкен ұлы Могилянъ аздар тайпасын бағындырған болатын. Бұл кезде Қырғыз қағанының қосыны Абақан өзенінің аңғарында орналасқан болатын [9, 297].

Сонымен, Тоныкөк өзінің билеушісі Қапаған қағанға қырғыздарға жасалатын тұтқиылдан берілетін соққыны Көгмен асуынан асып барып емес, басқа қиын жолды, яғни Саян жотасын тікелей кесіп өтетін қиын да, қауіп-қатерлі жолмен өту арқылы жасауды ұсынды. Байырға түрік қоғамында қаған шексіз билік иесі болмаған. Мемлекеттік мәселелерді шешуде айналасының да пікірімен, кеңесімен санасып отырған. Бұл – тіпті көшпелілер демократиясының мәнді ерекшелігі еді. [22, 86]. Тәуекелге толы бұл жорық асқан ақыл мен мұқалмас күш-жігерді талап ететін еді. Тоныкөк жорық жоспарын шеберлікпен түсіндіріп Қапаған қағанды сендіре білді және қырғыздарға қарсы жорық жасайтын әскерге қолбасшы болды.

Одан арғы оқиғалардың желісі Тоныкөктің «мәңгі тас» ескерткішінде былайша баяндалады: «Қол аттандырдым. Аттаныңдар! – дедім. Ақтермелді кеше желе жорыттым. Ат үстінде тұрып қарды бұздық. Жоғары ат жетелеп, жаяулап ағаштардың арасымен жүріп өттік. Алдағы ерлер асқан жолмен жүріп өтіп Ыбыр-баш астық. Азап шектік. Оныншы түнде біз ту тіккен ебтің қасына бардық. Жершіл жігіт жаңылып бауыздалды. Қапаланған қаған: «Желіп жүріп көр», – деді. Аны (Енесей) суына жеттік. Ол суды жағалап жүрдік. Адамдарымызды санағалы тоқтадық. Аттарды ағашқа байлап тынықтық. Сонан соң күн демей, түн демей желіп бардық. Қырғыздарды қапылыста бастық. Найза ұшымен жол салдық. Ханы, қолы жиналды. Соғыстық, шаншыдық. Ханын өлтірдік. Қағанымызға қырғыз халқы бағынды, жүгінді. Қайттық. Біз Көгмен-жынысымен елге келдік» [17, 125]. Байырғы

түрік әскерлері темірдей тәртіпке бағынды. Бұйрықты орындаудан бас тартқан немесе орындай алмаған жауапты адамдар қатаң жазаға тартылып отырған. Мәселен, қырғыздарды кенеттен басу үшін тау асып бармақ болған Тоныкөк әскері адасып көп қиыншылық көреді. Ал сол қателікке ұрындырғаны үшін жол көрсетуші адам өлім жазасына кесіледі [22, 80].

Тоныкөктің қырғызға жасаған бұл жеңісті жорығы 711 жылдың қысында болды. Себебі бұл оқиға Күлтегіннің бітік тасында да жақсы баяндалған. Күлтегін ескерткішіндегі жазуға кезек берсек: «Күлтегіннің жиырма алты жасында біз қырғызға қарсы аттандық. Сүңгі бойлар қарды сөгіп, Көгмен жынысын айналып өтіп, қырғыз халқын өкшелей қудық. Қағанымен Соңа-жыныста найзаластық. Күлтегін Байырқудың ақ айғырын мініп опыра шапты. Бір ерін оққа ұшырды. Екі ерін найзамен шаншыды. Ол айқаста Байырқудың ақ айғырының белі мертіді. Қырғыз қағанын өлтірдік. Елін алдық» [17, 63]. Күлтегін 685 жылы дүниеге келгенін ескерсек 711 жылы ол тура жиырма алты жасқа толған болатын.

Сонымен, Тоныкөктің мейлінше тапқырлығымен, Күлтегіннің көзсіз ерлігінің және түрік жауынгерлерінің төзімділігінің арқасында қағанатқа қарсы бірлік құрғандардың бір мүшесі қатардан шығарылды [10, 298]. Тәуекелге бел байлап қиын да қауіпті міндетті ойдағыдай жүзеге асырған Тоныкөк қырғыздардың тарапынан қағанатқа ту сыртынан жасалуы мүмкін шабуылды болдыртпай тастады. Енді түріктер барлық күштерін батыстағы «он оқ» халқы түркештерге қарсы бағыттады.

Сол жылы 711 жылы түріктер түркештерге қарсы аттананады. Тоныкөк «мәңгі тасындағы» сөздерге қарағанда: осы кезде Тан патшалығы түркеш қағандығының қол астындағы он оқ халқымен бірлесіп, шығыс түрік қағандығына қарсы жорыққа дайындалған [23, 129]. «Түркеш қағаннан тыңшы келді. Сөзі мынау: «Алдыңғы жақтан қағанға қарсы қол жіберемін – депті». Түркеш қағаны көтерілеміз, Он-иелік түгел көтерілеміз. Табғач қолы да дайын», - депті [17, 125].

Бұл кезде күйреген Батыс түрік қағанатының мұрагерлігіне келген түркештердің ішкі және сыртқы жағдайы тұрақсыз болып тұрды. Оның үстіне мемлекеттің өзінің ішкі бірлігі де болмады. Түркештердің билеушісі Саға қаған өзінің інісі Чженге үлеске жер берген еді. Бірақ ағасына маған жерді аз бердің деп өкпелеп 709 жылы Қапаған қағанның жағына шығып кетеді. Синь Тан Шу жылнамасында Түркеш қағанатындағы ішкі шиеленісті былай баяндаған: «Согэ мен Шуну екеуі елді бөліп басқара бастаған еді. Шуну өзіне берілген елдің өте аз болғандығына өкпеліп, Мочоға барып бағынып, оған егер ағасына қарсы жорыққа аттанар болса, өзінің жол бастап беретіндігін айтты. Мочо болса Шунуды өз қасына қалдырды» Сонымен 20 мың әскермен Согэге шабуыл жасап, оны тұтқынға алды [24, 287]. Байырғы түркілер қандай соғысқа болмасын, елін қорғау, азаттық үшін мұқият дайындалған. Өздеріне қырғи-қабақ мемлекеттердің ішкі қоғамдық-саяси өмірін жіті қадағалап отырғаны өз алдына, сол елдерге тыңшы жіберіп, жасырын ақпараттар жинауды, дипломатиялық қарым-қатынастардың мүмкіндігін пайдалануды дәстүрге айналдырды. Бүгінгі және болашақтағы қарсылас елдің қарулы күштерінің санына, әскер басшыларының қабілет-қарымына, кімдермен одақтасуға ұмтылатынына зор мән берген екен. Өліптің артын бағып отыра бермей, соғысты дұшпанның территориясында жүргізуге ұмтылғанын да байқау қиын емес [22, 81].

Тоныкөк түркеш қағанатындағы саяси жағдайды Согэ қағанның інісі арқылы біліп отырса керек. Түркештерге қарсы жорыққа шығуға Қапаған қаған тәуекел ете алмай, тек 20 мың әскерді тосқауылға қойды. Әскерге қолбасшылыққа жасауды ол өзінің кенже ұлы Инал қағанды және тардуш шады Могилянды тағайындады, ал кеңесші-жетекші етіп Тоныкөкті қойды [10, 299]. Байырғы түрік қоғамында қаған шексіз билік иесі болмаған. Мемлекеттік мәселелерді шешуде айналасының да пікірімен, кеңесімен санасып отырған [22, 86]. Сондықтан түрік қағанатының әскерге қолбасшылықта жүрген басшылары қағанның басшылығынсыз-ақ қиын-қыстау кездерде өз беттерімен дербес шешім қабылдай берген. Ал мемлекет қайраткерлері мен қолбасшылардың кеңесімен нақты қабылданған шешімді жүзеге

асыру жауапкершілігі бастамашылықты қолына алған жеке тұлғаға артылған. Тоныкөктің ескерткішінде соғыс қимылы басталар алдындағы жағдай былайша сипатталған: «Қолмен барындар – деді. Алтын жынысында отырындар – деді. Қолбасшысы Инел-қаған: «Тардуш шад барсын» - деді. Білге Тұй-ұқық маған айтты: «Бұл қолды баста – деді. Қиындықты көңіліңше шеш. Мен саған айтайын» – деді. «Келушілер болса күш көбейер, келіп бірігушілер жоқ болса тіл, сөз алып отыра бер», - деді. Біз Алтын-жынысына барып отырдық. Үш тыңшы кісі келді. Сөзі біреу: «Түркеш қаған қолын көтерді. Он-иелік қолы тайлы-тұяғымен көтерілді. Ярыш жазығында жиналамыз», - дейді. Ол сөзді естіп қағанға сөзді жеткіздік. Жауап сөз қайта келді. «Отыра беріндер», - депті. Ауыспалы қарауылды жақсы қой. Қапыда басып қалмасын! – депті. Бөгу-қаған маған былай айтты: «Апа-тарханға құпия сөз жолдапты сонда: Білге Тұй-ұқық айлакер, ол өзі-ақ аңғарар. Қол аттандырайық десе ұнатпа». Ол сөзді естіп, қол аттандырдым. Алтын жынысын жолсызбен астық, Ертіс өзенін өткелсіз кештік. Түн қаттық. Біз Болчуға таң ата жеттік» [17, 125]. Қапаған қаған әскербасыларына қорғаныста болуды тапсырады. Бірақ Тоныкөк көшпелілердің жылдам қимылдап жауға күтпеген жерден тұтқиылдан шабуыл жасайтын әскери тәсілімен армияны бастап жорыққа шығады. Қара Ертістен өтіп Болчу түбінде қанен-қаперсіз отырған түркештердің алдыңғы әскерінің үстінен шығып, тас-талқандарын шығарады. Тұтқынға түскен түркештер «Ярыш жазығында он түмен қол жиылды» [17, 125], – деп хабарлайды. Оны естіген түрік қолбасшылары сескеніп кейін қайтуға ұсыныс айтады. Бірақ Тоныкөк алған бетінен қайтпай, тәуекелге бел буып тұтқиылдан шабуылға шығуға әскербасыларды көндіреді. Түрік қоғамының әскери-соғыс ілімінде жауынгерлердің әскери-патриоттық рухын көтеруге зор мән берілген. Жауынгерлер арасында патриоттық жұмыс шешуші шайқас алдында кең көлемде жүргізілген [22, 84]. Түркеш әскерінің түріктерге қарағанда көп екенін біліп, тура шабуыл жасауға батпай тұрған қолбасшылар мен көк түрік жауынгерлерінің алдында Тоныкөк былай деп салтанатты түрде үндеу жасаған: «Мен Білге Тұй-ұқық, Алтын жынысын аса келдік, Ертіс өзенін кеше келдік. Батыр болса келсін. Түсінбеді. Тәңірі, Ұмай, киелі Жер-су берген екен. Неге қашамыз?. Көп деп неге қорқамыз? Азбыз деп неге басындырамыз? – Шабамыз!» – дедім. Шаптық. Жеңдік [17, 125].

Тоныкөктің жалынды сөзіне көзсіз сенген түрік сарбаздарының жауынгерлік рухы көтеріліп қалың жауға қарсы өршелене ұмтылып, жеңіске жетеді. Жеңіспен қанаттанған әскердің жауынгерлік сапасының бірнеше есеге артатынын жақсы білген дана Тоныкөк әскери-патриоттық және психологиялық рухы жоғары әскерді басқарып, екінші күні естерін жинап қарсы шабуылға шыққан түркештерді талқандап жібереді: «Екінші күн келді. Өртше қызып келді. Соғыстық. Бізден екі есе артық еді. Тәңірі жарылқағаны үшін көп деп қорықпадық, соғыстық. Тардуш шады екеуміз жеңдік. Қағанын тұтқындадық. Ябғуын, шадын өлтірдік» [17, 125]. Бұл арада түрік атты әскерлерінің жауынгерлік сапасы қайтадан көрінді – түркеш әскерлері тамтығы қалмай талқандалды, ал Согэ қаған қолға түсті [10, 300]. Түркеш мемлекеті құлайды. «Елдік тағын тұттық. Қауіптеніп шошынған ол иелік халқы жер-жерге қашты. Ол сөзді естіп он-иелік бектері, халқы түсініп келді. Жүгінді» [17, 125]. Болчудағы жеңістің нәтижесінде Балқаш, Іле, Ыстықкөл, Шу және Талас жерлеріндегі барлық түрік тайпалары Көктүрік қағанатына қаратылды. [4; 61]. Түріктер бағынған туыстас-қандас тайпалардың барлығын өз халқы деп есептеген. Сондықтан оларды жазықсыз қырып-жоймаған. Тек белгілі бір мөлшерде салық салған және ат құлағында ойнаған жауынгерлерін түрік әскерінің жауынгерлік сапына қабылдап отырған. Түріктерге бағынғысы келмеген он-оқ халқының белгілі бір бөлігі Сырдария өзенінің арғы жағына оңтүстікке қарай қашқан. Табыстарын баянды етіп, Жетісу мен Орта Азияға толық қожалық ету үшін Тоныкөк пен Күлтегін және Қапаған қағанның ұлы Инел қаған басқарған түрік әскерлері оңтүстікке қарай жорық жасады. «Кірме бектерін, халқын құрап жатқанда Аз халқы қашқан еді. Он иеліктің әскерін шаптым. Біз де шаптық, оларды қудық. Інжу өзенін кеше, Темір-қақпаға дейін қудық. Содан қайтардық. Инал қағанға тәжік тоқарысымен, Анда басына сәлде ораған Соғдақ халқы

түсініп келді. Сол күні бағынды. Мен Білге Тұй-ұқық келгендігім үшін сары алтын, ақ күміс қазына есепсіз келіп жатты» [17, 126]. Түркештерді өзіне бағындырғаннан кейін, барлық қара түркеш халқы елдің ішкі жағына қарай көшті. Түріктер өздерінің міндетін атқарған және қашқындарды қайтадан Орталық Тянь-Шаньға қайтарған қуғындаушы әскери топты жабдықтады, олар өздерінің жаулап алушылығын жалғастырып, әрі қарай Соғдиананы өзіне қаратып оңтүстіктегі Темір-Қақпаға дейін жетті [9, 314].

Сонымен, дана Тоныкөк өзі құрған барлық стратегиялық жоспарын сәтті жүзеге асыра алды. Түргештерге қарсы жасалған науқанның барлық атақ-абыройы Тоныкөкке тиесілі болды. Түрік армиясы Жетісуды көктей өтіп, Сырдария өзенін кешіп, Бадахшан тауларына дейін жетті. Екінші түрік қағанатына батыстан төнген қауіп жойылды және 710-711 жылдардағы соғыс-қимылдарындағы мақсат-міндет толық орындалды. Қару-жарағы мен соғысу шеберлігі жоғары және дана Тоныкөктің әскерге шебер қолбасшылық жасауы нәтижесінде көктүріктің жауынгерлері оңтүстіктегі Темір-қақпаға дейін жетті. Бұл жер біздің заманымыздың алғашқы жылдарынан бастап Иран мен Тұран елдерінің табиғи шекарасы саналатын. Осы жорықта Көктүріктер әскері тұңғыш рет мұсылман араб әскерімен кездесіп қалады. Бұл тарихи оқиға туралы Күлтегін жазуында былай жазылған: «Ер жүрек жауынгер, алып ер бізге тиіскен еді. Сол кезде шарасыздан Күлтегінді аз ермен қарсы аттандырып жібердік. Ұлы соғыс жасады» [17, 63], – деген. Сірә, Күлтегін өзінің бүкіл ерлігімен жеңісті соғыс жасап, келе жатқан жау әскерінің бетін қайтарып, тойтарыс бере алуының арқасында түрік әскерлерінің негізгі күштерін соғыстан шығынсыз алып шыққан.

Өз әскерлерінің толық жеңіске жеткендігі, Согэнің тұтқындалғаны және олжалы болғандары туралы хабар алғанда Қапаған қаған батысты толық жауланып алынған және түргеш хандарының енді өмір сүрулері артық деп есептеді [10, 300]. Қапаған жорықтан қайтып келгеннен кейін Шунуға: «Сен ағайынды екеуің бір-біріңе адалдық жасамағанда, маған қалай адалдық жасайсыңдар» дегенді айтып ағалы-інілі екеуін де өлтіріп тастайды [5, 297].

714 жылы Қапаған қаған Қытай императорына құда болуды талап етеді. Қытай императоры түрік қағанының қойып отырған талабымен келісуге мәжбүр болады. Бұл түрік қағанатының әскери күш-қуатының шыңы болып, Ұлы Даланың талассыз қожасы болуын қамтамасыз етті. Н.Я. Бичурин аударған Синь Тан шу кітабында «Жеңіске масаттанған Мочжо (Қапаған) Чжугоны қорашсынып, барынша асқақтап алды. Оның сол кездегі әскер күші Сели кезіндегіге таяп, құзырындағы жердің аумағы он мың лиге созылды. Варварлар түгел соның әміріне бойсұнды», – деп жазылған екен [5, 270]. Түрік қағанатының халықаралық саяси жағдайда өздеріне ұтымды саясат жүргізе отырып, табысқа жетіп отыруына сөз жоқ дана Тоныкөктің жоғарыда жеткен жеңістерінің зор ықпалы болды. Тынық мұхитынан Темір Қақпаға дейінгі орасан-зор кеңістікте түріктердің алтын жалатылған бөрілі байрағы салтанатты түрде желбіреп тұрды.

Дана Тоныкөк түрік халқының басын қосып, бейбіт қылып ұстап отыруға үлкен күш-жігер жұмсағанымен билік басындағы Қапаған қағанның қарауындағы халыққа жүргізген әділетсіз саяси көзқарасының нәтижесінде түрік қағанатының ішінде алауыздық пайда болады.

Қағанның мемлекетті қатаң басқаруы немесе қысым жасауы халықтың наразылығын туғызып, арты көтеріліске ұласатын. Қытай деректеріне сүйенсек, Ұлы Түрік қағаны Қапаған халыққа қысым жасағандықтан, түрік қағанатында жиі-жиі көтерілістер болып тұрады [20, 180].

Синь Тан шу дерегінде Қапаған қағанның билігінің соңғы жылдарында екінші түрік қағанатының қоғамдық-саяси жағдайына мынадай сипаттама берген: «Жасы қартайған сайын ол тіпті де қытымыр, қатыгез бола түсті. Сол себептен тайпалардың көңілдері қалып, одан бет бұра бастады. Он оқ халықтың сол қолы 5 дулу мен оң қолы 5 нушиби түгелдей патшаға бағынатындарын білдірді...Мочо қарлұқ қатарлы елдерді қайта-қайта шабуылдай

берген соң, патша олардың аумағындағы дунхулар мен әскери қолбасшыларға өзара ынмтымақтасып қимыл жасап, жауды жауды қыспаққа алу туралы бұйрық түсірді» [24, 186]. Қапаған қағанның түрік халықтарына қарсы жүргізген қате саясатының нәтижесінде Екінші түрік қағанаты әлсіреп, мемлекет саяси дағдарысқа ұшырай бастайды. Білге қағанның құрметіне қойылған Мәңгі таста: «Алып қаған да жаңылды, қателесті. Жоғарыда Тәңірі киелі Жер-су Ағам қағанның құтын қолдамады. Тоғыз-оғыз халқы жерін-суын тастап табғашқа барды. Табғаш бұл жерге келді», - деп жазылған [12, 104]. Қапаған қағанның қарлұқтарға және он оқ халқына қарсы жүргізіп отырған саяси іс-әрекетімен Тоныкөк келіспеді. Екінші түрік қағанатындағы орын алған саяси дағдарысты қапылыста қазаға ұшыраған Қапаған қағанның өлімі құтқарып қалды. Бұл оқиға Синь Тан шуда былай жазылған: «Мочжо тағы да «тоғыз тайпа» құрамындағы ба-е-гуларға (байырқу) жорық жасап, олармен Тола өзенінде соғысты, ба-е-гулар ойсырай жеңілді. Жеңісіне масаттанған Мочжо аз әскермен бір нулы орманда қаннен-қаперсіз кетіп бара жатқанда, ба-е-гулардың соғыстан аман қалған адамдары оған тұтқиыл шабуыл жасап, оның басып кесіп алды. Содан соң ба-е-гулар оның басын варварлар жеріне барған патша елшісі Хао-Линцюань арқылы патша астанасына жеткізеді» [24, 187]. Сонымен, Қапаған қаған 716 жылы Тола өзені бойындағы Байырқу тайпасын жеңіп, бағындырады. Бірақ, өмірі қағанат үшін қызмет етумен өткен және жаратылысы қатал Қапаған қағанның соңғы сапары болды. Жеңісті жорығынан Өтүкенге қайтып келе жатқанда қытайлардың арандатуына ерген байырқулардың құрған торуылына түсіп, қаза табады.

Қапаған қаған көзі тірісінде түріктердің билік туралы заңын бұзып, өзінің мұрагері ретінде үлкен ұлы Иналға «кіші хан» деген құрметті атақ беріп қойған болатын [10, 314]. Сондықтан Қапаған қағанның ұлы Инал екінші түрік қағанатының тағына отырады. Бұл шешім ежелгі түркілердің таққа мұрагерлік дәстүрін ашық түрде бұзу еді. Дәстүр бойынша түркілерде тақты ағасы інісіне мұра етіп қалдырып отырған. Содан соң ғана немере інілерінің үлкені ағасының мұрагері атанған. Түріктердің ескі заңы бойынша мұрагерлік Құтлық-Елтеріс қағанның үлкен ұлы тардуштардың шады Могилянға тиісті еді.

Оның үстіне Иналдың дағдарысты тоқтататын және мемлекетті ұстап, басқара алатын қабілеті жоқ еді. Ол мемлекетте тыныштық орната алмады. Оғыздардың да шабуылы мен көтерілістері тоқтамады. Мемлекеттің қалпына келтірілуі Құтлық-Елтерістің ұлдары Могилян мен Күлтегіннің мойнына түсті. Оғыз тайпаларына қарсы соғыстарды солар жүргізді. Елді апаттан сақтап қалу үшін қағанның ауысуы керек болды. Бірақ бұған Инал қаған көнбеді [4, 64]. Іс жүзінде билік түріктердің «Мәңгі Елінің» көсемі жеңімпаз әскербасы Күлтегін батырдың қолында болды. Түрік Елінің ішкі саяси бірлігі мен азаттығын және мәдени-рухани тұтастығын сақтап қалу үшін Күлтегін әскери төңкеріс жасап, билікті өз қолына алады. Осы кезде Ордадағы қолбасшылық қызмет орнында отырған Алп Елетміш саяси дағдарыс басталған уақытта Күлтегін басқарған көтерілісшілер жағына шығып, мемлекет пен ел тағдыры алдында үлкен жауапкершілік көрсетті және түрік заңына адал екендігін дәлелдеді. Құтлық қағанның кіші ұлы Күлтегін жаңадан сайланған Инал қағанды және оның кеңесшілерін түгел қырып тастайды. Қапаған қағанның кеңесшілерінен Тоныкөкті ғана аман қалдырады. Түрік қағанатының саяси орталығы Өтүкенде жасалған әскери төңкерістен кейін билік басына келген Құтлық қағанның үлкен ұлы Могилян бастапқыда қаған тағына інісі Күлтегіннің отыруын сұрайды. Бірақ 716 жылы саяси билікті күшпен басып алған қаһарман Күлтегін түрік елінің ескі заңын бұзбады, қаған атағынан бас тартты. Таққа ағасы Могилянды отырғызып, оған «Білге қаған» деген лауазымды алып береді. Күлтегін көк түріктердің «Мәңгі елінің» іс жүзіндегі көсемі және әскердің бас қолбасшысы әрі қағанаттың іс жүзінде билеушісі болды.

Могилян «Білге қаған» деген құрметті атпен қаған тағына отырған Күлтегінді өзінің сол қолы етіп тағайындап, елдегі әскери істі соның қолына тапсырады. Кезінде Қапаған қаған өлгенде, Күлтегін оның уәзірлерін түгелдей қырған. Сонда Тоныкөктің қызы Пофу

Могилянның әйелі болғандықтан ғана Тоныкөкті өлтірмей, оның тек мансабынан яғни қызметінен ғана алып, өз руына қайтарып жіберген. Кейін түркештердің көсемі Сұлу өзін қаған жариялап, түркеш тайпалары арасында арандатушылық көбейген кезде, Могилян Тоныкөкті өзінің жанына шақырып алып, мемлекет істері жөнінде одан ақыл сұрайтын болды. Сол кезде Тоныкөктің жасы 70-тен асқан, ел-жұрты оны сыйлап, одан именетін еді [5, 273]. Нәтижесінде үлкен беделін пайдалана отырып Тоныкөк бұрынғы орнына қайта келді және оның келісімінсіз немесе қатал әрі «жоқ» деуінсіз ешбір маңызды мемлекеттік іс шешілмеді [19, 169].

Білге қаған он жыл бойы мемлекет жоғарғы сотының басшысы болған Тоныкөктің түрік халықтары арасындағы үлкен беделі мен жеке басының асқан ақылдылығын ескере отырып, оған бойла баға тархан шені мен мемлекеттік кеңесші қызметін қайтарып береді. Сөйтіп Тоныкөк енді қайтадан Құтлық қағанның кезіндегідей қағанаттағы нақты билікке ие болып, мемлекеттегі биік әрі құдіретті саяси мансабына қол жеткізеді.

Сонымен, өкімет басына қытай мәдениеті мен Тан империясының саяси басымдылығына қарсы күресу принципін ұстанған триумвират, яғни үштік одақ келді [10, 314]. Тоныкөктің кеңесімен іргесі шайқалған қағанатты аман сақтау үшін Білге қаған Қытай империясымен бірден келісім жасауға ұмтылды. Себебі Білге қаған билікке келген кезде Екінші түрік қағанатының ішкі және сыртқы саяси жағдайы ауыр дағдарысты басынан кешіп жатқан болатын. Бұл жөнінде Білге қағанның құрметіне қойылған бітік таста да айтылған: «Түрік халқының атақ—даңқы өшпесін деп Тәңірі мені қаған отырғызды. Ең болмаса дәулетті халықты билемедім. Іші ассыз, сырты тонсыз, әлжуаз халықты басқардым. Інім Күлтегінмен, екі шад, інім Күülü-чормен ақылдастым. Әкеміз, ағамыз иелік еткен халықтың атақ-даңқы өшпесін деп, түрік халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым... Мен өзім қаған боп отырғанда жер-жерден босқан халық жаяу, жалаңаш, өліп-жітіп қайта келді» [17, 103]. Бұдан біздің шығарған қорытындымыз Ашидэ дана Тоныкөкті өз жанына қайта шақыртқан Білге қаған түрік халқының ішкі проблемалық мәселелерін сәтті шеше алған. Қапаған қағанның қатал билігі жылдарында қытай империясына кетіп қалған түрік тайпалары мемлекеттік кеңесші Тоныкөктің ықпалымен екінші Түрік қағанатының қол астына қайта келіп қосылған.

Екінші түрік қағанатын нығайту үшін Білге қаған Тан империясына қарсы жорыққа шықпақ болды. Бірақ дана Тоныкөк Білге қағанға: «қазірше өйтуге болмайды, себебі – қазіргі тақта отырған Тан патшасы өзі ержүрек адам, ал елі болса жылдар бойы молшылықпен келе жатқандықтан ауызбірліктері мықты, біз пайдаланатындай ішкі қайшылықтары жоқ. Оның үстіне біздің жасақтарымыз жаңадан жиналған, оларды дереу қозғауға болмайды», - деп кеңес айтады [24, 189].

Білге қағанның билігі тұсында «Баға тархан» қызметін атқарған Тоныкөк мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын айқындап отырды. Мәселен бір уақытта, Білге қаған түрік елінде де, Қытайдағыдай биік дуалдармен қоршалған қала салғысы келеді. Тоныкөк Білге қағанға бұл жайында былай деп ақыл береді: «Ондай істемеуіміз керек, өйткені біз бүкіл өмірін суы мен нуы мол далаларда өткізген халықпыз. Осы тіршілігіміз бізді, соғыс жаттығуларында жүргендей ширақ ұстайды. Көк түріктердің саны қытайлықтардың жүзден біріне жетпейді. Оған қарсы біздің жетістіктеріміз өмір сүру салтымыздан. Күшті кезімізде әскер жасақтап жорықтар жасаймыз. Әлсіреген шақта кең даламызға шегіне отырып күресе береміз. Ал егер қорған мен дуалдың ішінде болсақ, Тан әскері бізді қоршап қиратады, елімізді басып алады», – деп өміршең ақыл береді [4, 65].

Білге қағанның тағыда бір ойы да мемлекетте буддистердің ғибадатханасын салдырып, будда діні мен философиясын түріктердің арасына тарату болды. Бірақ осы кезде Көк түріктер қағанатының бас идеологы болып отырған Тоныкөктің пікірі басқаша еді. «Бұл екеуі де адам бойындағы билікке деген құштарлықты әлсіретеді. Күш пен жауынгерлік жолы

бұл емес. Түрік халқы өмір сүрсін десең, мұндай тәрбие мен ғибадатханаға ешқашан орын бермеуіміз керек», – деген [4, 65].

Күннен-күнге күшейіп нығайып бара жатқан қағанаттың жетістіктері Тан империясын қатты алаңдатады. Ақыры 720 жылы түріктерге қарсы қытай әскерлері шабуылға шығады. Чаньянда жасалған жоспар бойынша қидандар, татабылар және басмылдар әр түрлі жолдармен әрі бір мезгілде Білге қағанның қосынына жетіп, оны ұстап алуға тиіс еді. Алдыңғы бөлімдерді қолдау үшін империяның 300 мың адамнан құралған әскері жұмылдырылды [10, 318]. Келе жатқан әскерлерден қатты алаңдаған Білге қағанға кеңесші дана Тоныкөк еш алаңдамауға кеңес береді. Себебі, Тоныкөк жорық жасап келе жатқан әскер қолбасшыларының арасында өз ара алауыздық барын да жақсы біліп отырды. «Тіпті олардың барлығы келе қалған күннің өзінде, біз олар келуден үш күн бұрын ел-жұртымызды түгел солтүстікке қарай көшіріп жіберуімізге болады, ал олар болса, азық-түліктері таусылғаннан кейін өздері-ақ шегініп кетеді» [24, 190]. Алайда басмылдар түрік қағанатының орталығына бірінші болып келеді. Бірақ басқа қолбасшылардың келмегенін біліп, тікелей шабуыл жасауға батылы бармай кейін шегінеді. Шегініп бара жатқан басмылдарға Білге қаған шабуыл жасамақ болады. Тоныкөктің мақсаты басқаша болып шығады да қағанға тағы да мынадай кеңес береді: «өз жерлерінен ұзап, бөтен елдің жеріне келген жасақтар бастарын бәйгеге тігіп шайқасқанда, олардың қарқынын ешкім тоқтата алмайды. Сондықтан оларға қазір соқтықпай, тек іздеріне түсіп, өз мекендеріне жақындағанда барып, қирату керек», – дейді [24, 190]. Тоныкөктің ақыл-кеңесімен түрік әскері жедел жүріп отырып басмылдардың орталығы Бесбалыққа жетіп, тікелей шабуыл жасап қаланы басып алады. Шаршап-шалдығып келе жатқан басмылдарды Бесбалық қорғанының түбінен жеңімпаз әрі моральдік рухы жоғары көк сауыт киген ұзын найзалы түрік әскері күтіп алады. Амалдары таусылған басмылдар өз еріктерімен түгелдей түріктерге тұтқынға беріледі. Бұл соғыс науқанын ойдағыдай жеңіспен аяқтаған түрік әскерлері қытай империясының тылына өтіп, Лянчжоу жерін тонады. Лянчжоу бекінісінің коменданты Ян Цзиншу қарамағындағы қолбасшыларға әскер бастап түріктермен соғысуға бұйрық береді. Сол кезде дана Тоныкөк «Егер Ян Цзиншу қалада бекініп жатып алса, біз онымен бітімге келуіміз керек. Егер оның жасақтары қаладан шықса, онда біз олармен табандап шайқасуымызға болады – мұндай жағдайда біз сөзсіз жеңеміз» – деді [24, 190]. Өзінің әскери қуатына қатты сенген Ян Цзиншу әскерін бастап қаладан шығып түріктермен шешуші шайқасқа шығады. Ашық даладағы шайқаста әлемде теңдессіз күш пен басымдылыққа ие салт атты түрік жауынгерлері қытай әскерлерінің тас-талқанын шығарып талқандайды. Түрік сарбаздарының жеңіс даңқы бүкіл Ұлы Далаға жайылады. Енді халықаралық жағдайда үлкен абырой мен беделге ие болған Түрік Елінің әскери күш-қуаты еселеп артады. Барлық түрік халықтары мен тайпалалары Өтүкендегі саяси орталыққа келіп бағынатындықтарын білдіреді. Бұл жетістіктер түркілердің білікті үш ұлы тұлғасы Білге, Күлтегін және Тоныкөктің «түрік халқы үшін, күндіз ұйықтамай, түнде ұйықтамай» қызмет жасағанының арқысында іске асады.

Тоныкөктің ақылдылығы мен кемеңгерлігін қарсылас қытай империясының басшылары да мойындап, түріктерден үнемі қауіп-қатер күтіп отырған. 725 жылы қытай императоры елінің шығысындағы Тайшаньды араламақ болған еді. Мемлекеттік кабинет президенті Чжан Юе патшаға «әскерлерді бекіндіріп, түріктерден сақтанғанымыз жөн» деген ақыл айтты. Сонда әскери істер министрі Пэй Гуан-тэхин: «тәңірі мен жерге тасаттық беру рәсімі сол тәңірі мен жер құдайына жеңіс хабарын жеткізу үшін жасалынады. Егер осындай кезде қайтадан қарулы күш қолдансақ, онда біз жеңіске жеттік деп айта алмаймыз ғой» депті. Чжан Юе сонда: «түріктер бітімге келейік дегендерімен, олармен өзара сенімді қарым-қатынас орнату қиын. Оның үстіне, олардың қағандары өзінің ақниеті мен мейірбандығы арқасында қол астындағыларын баурап алған, ал Күлтегін – соғысқа шебер, Тоныкөк – көпті көрген байсалды, қартайған сайын ақыл-парасаты асқан. Бір-біріне сай келетін осы 3 ұлы

тұлға біздің патшамыз бастаған бүкіл елдің күші шығысты аралап кетті дегенді естіп, сол орайды пайдаланса, біз олардан неменемізбен қорғанамыз», – дейді [5, 276].

Білге қағанның қарамағындағы түрік халқын әділ әрі шебер басқара алуы арқасында және қолбасшы Күлтегіннің әскери жеңістері мен екінші Түрік қағанаты қайта жаңғырды. Қаған кеңесшісі дана Тоныкөк түрік халқының жауларына қарсы күресудің жаңа тәсілдерін ойластырып, мемлекеттің белсенді қорғаныс саясаты мен елді біріктіретін ішкі рухани идеологиялық мәселелермен айналысып, оларды сәтті жүзеге асырып отырды.

«Құдіретті үштіктің» – Білге қағанның, Күлтегіннің және Тоныкөктің мақсаты – Қағанатты қалпына келтіру болатын. Олар өздері ел еткен халықты жаудан қорғап, түріктерді кең-байтақ жерге орналастырып, Ұлы Даланы құтты мекенге айналдырған. Түрік халқының бейбіт өмірі үшін дүниенің төрт бұрышына жорық жасады. Қарамағына енген ру-тайпаларға күш көрсетпей олардың басын біріктіріп, азат ел қылған, бейбітшілікке көндірген. Сөйтіп, Білге қаған – Тоныкөк – Күлтегін, яғни «үштік» жүргізген қағанаттың ішкі және сыртқы саясаты өз нәтижесін берді. Қапаған хан басқарған кезеңдегі «аш-жалаңаш» тозған елді «үштік» киіндірді, байытты және көбейтті. Нәтижесінде 722-741 жылдар арасы түріктер үшін тыныштық орнаған уақыт болды [13, 78]. Дана Тоныкөк ескерткішінде бұл уақытты: «Ел де ел болды, халық та халық болды. Өзім кәрі болдым, ұлық болдым», – деп бағалаған екен [17, 126]. Тоныкөк – саясаттың адамы. Осы қасиетіне байланысты академик Бартольд оны француз тарихындағы шебер саясаткер Талейранмен салыстырады. Көзі тірісінде өз атынан өзіне ескерткіш орнатуы да, тексте басынан аяғына дейін үнемі «мен», «мен» деп сөйлеуі де, оның тарихта өз атын қалдыруға қам жеген саясатшылдығынан еді [25, 96]. Қазір де отандық тарихнамада Тоныкөкті Қорқыт Ата данамен сәйкестендіру ой-пікірлері кездеседі (Жолдасбеков М., Салғарин Қ, Сыздықов С.М.)

Тоныкөк өз жазуында: «Бұл түрік халқына жаракты жау келтірмедім. Шұбырған аттыларды жүргізбедім. Елтеріс қаған иелік етпесе, оған еріп мен өзім иелік етпесем, ел де халық та жойылар еді. Иелік еткендіктен, қасиетті еліме иелік еткендігім үшін, ел де ел болды, халық та халық болды. Өзім кәрі болдым, ұлық болдым», – деп ел бірлігі мен тыныштығы үшін күресуді басты мақсат қылғанын көрсетеді [17, 126].

Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дананың бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтық, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түрік халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түрік елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-куатын бергені паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгі Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр [26, 202]. Тоныкөктің үндеу сөздері түркі халқының арын, намысын, санасын оятып, ойлануға еріксіз жетелейтін, ел болудың тірегі бірлікте, татулықта түркілік рухты жоғары ұстай білуде екенін танытатын нағыз мәңгі жасайтын қымбат мұра болып табылады [27, 309].

Түрколог-ғалым Қ. Сартқожаұлы Тоныкөктің қайраткерлігіне мынадай баға береді: «Осы ұлт бірлігін, қағанат билігін, мемлекеттің тұғырлы ұстынын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, мәңгілікке сақтап қалуды мұрат тұтқан Тұй-ұқық абыз «Мәңгілік Ел идеясын ұсынған. Мәңгілік Ел идеясын келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырған...Мәңгілік Ел – мұраты түрік төрінің (билігінің) мұраты деп осыдан 1300 жыл бұрын Мәңгілік идея ұсынған...Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ мемлекетінің бас ұранына айналып отыр. Осылайша, Көк Түрік қағанатының ақылгөй абызы Тұй-ұқық ұрпағына Мәңгілік өсиет қалдырған»[28, 20].

Тоныкөк – Екінші Түрік қағанатының негізін қалаған және мемлекеттің ішкі жағдайының берік нығаюна тікелей себепші болған қайраткер тұлға. 682 жылы Тоныкөк қытай империясына қарсы көтеріліске шыққан Құтлыққа келіп қосылды. Түркі

тайпаларының арасында орасан зор беделге ие болып отырған Тоныкөктің көтерілісшілерге келіп қосылуы салдарынан Құтлықтың жағдайы күрт өзгеріп сала берді. Себебі Тоныкөктің артында саны көп түркі тайпалары тұрды. Тоныкөктің тікелей ықпал етуімен түрік халқын тәуелсіздік үшін көтеріліске бастап шыққан Құтлық «Елтеріс» лауазымын қабылдайды.

646 – 741 жылдары аралығында өмір сүріп, түркі халқының саяси бостандыққа жетуіне өлшеусіз үлес қосып, Екінші Түрік қағанатының қағандарының ақылшысы, кеңесшісі болған дана Тоныкөк, «Мәңгі ел» идеясын халыққа насихаттап жеткізген. Түркітанушы С.М. Сыздықов: «Мәңгі» сөзі айтылмаса да, оның мағынасы Тоныкөк ескерткішінің екінші ұстынының сол жақ бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқылы берілген: «ел де ел болды». Мұның өзі «Мәңгілік Ел» ұғымын бере алады [13, 178].

Тоныкөктің қолға алған «Мәңгі Ел» идеясының негізгі принципі Екінші Түрік қағанатының халықаралық саясатта белсенді қорғаныс стратегиясын ұстану болды. Мемлекеттің идеологиялық негізгі ұстанымы барлық түркі халықтарын Қытай империясының ықпалынан қорғау болып саналды. Себебі, қытайлар мен түріктер арасындағы тайталас күрес бұл екі мемлекеттің арасындағы бақталастық немесе үстемдік үшін күрес емес еді. Бұл - екі түрлі дүниетаным мен мәдениеттің, екі түрлі руханият пен өркениеттің арасындағы ымырасыз қақтығысы болды. Ұлы Дала мен Ұлы қытай қорғаны бір-біріне қарама – қарсы тұрды. Түрік қағанатының ұстанған идеологиясы – саясатта қорғаныстық позицияны жүргізгенімен идеялық жағынан прогресшіл болды. Геосаяси ойындарда ұтымды сыртқы саясат жүргізе білген Тоныкөк, Білге қаған, Күлтегін мемлекеттің ішкі тұрақтылығына қол жеткізіп халықтың әл-ауқатын жақсарты және бірлік пен татулықтың салтанат құруына жағдай жасады. Екінші Түрік қағанатын ұлттық қауіпсіздігі бекем, сыртқы саясаты мен халықаралық байланыстары парасатқа жүгінген, әскери тұрғыда күшті мемлекетке айналдыра алды.

Түрік қағанатының бас идеологы болған Тоныкөк түріктердің қытай империясының боданы болуы себебін ата-баба салтына берік болмаудан және қағанат халқының ішкі саяси тұрақсыздығынан деп білді. Күлтегіннің ескерткішінде түрік қағанатының жат мемлекетке бағынышты болған ауыр жағдайын: «Бектері, халқы адал тұзу болмағандықтан, табғаш халқының алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендіктен, інілі-ағаның кектескендігінен, бектер мен халықтың ымырасыздығынан түрік халқы елдігінен, елінен айырылды. Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айырылды. Табғаш халқынан бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды» - деп жазып келер ұрпаққа ескерту ретінде мәңгілік өсиет ретінде бітік тасқа жазып қалдырған [17, 61]. Түрік қағанатының елбасылары егер түркі халқының ішкі бірлігі мықты болып, берік мәдени-рухани құндылықтарымызды сақтасақ, біртұтас болсақ, сонда ғана қытайларға қарсы тұра аламыз деп елді өзара ынтымақтастыққа шақырады. Күлтегіннің бітік тасында: «Өтүкен жерінде отырып, керуен жіберіп отырсаң, еш мұның жоқ. Өтүкен жынысында отырсаң, мәңгі ел тұтып отырар ең сен», - дейді [17, 65].

Өтүкен көне түркі халықтарының түсінігінше киелі жер анасы. Көне түркілер өздерін-өздері билеп, бақытты ғұмыр кешкен дәуірін, Өтүкен жерінде өткен деп санаған. Ал, халыққа бақыт әкелетін мұндай киелі, құтты жерді іздеу идеясы есте жоқ ескі замандарға алып кетеді [28, 11]. Түрік халқының дүниетанымында Өтүкенге орнығып отыру елдің ішіндегі береке-бірліктің баянды болуымен қатар қаған билігінің мықтылығын және көрші мемлекеттермен саяси әрі сауда-саттық қарым-қатынастардың тұрақты болуы себебінен әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан өсудің кепілі мағынасында деп білген.

Тоныкөк өз жазуында: «Бұл түрік халқына жаракты жау келтірмедім. Шұбырған аттыларды жүргізбедім. Елтеріс қаған иелік етпесе, оған еріп мен өзім иелік етпесем, ел де халық та жойылар еді. Иелік еткендіктен, қасиетті еліме иелік еткендігім үшін, ел де ел болды, халық та халық болды. Өзім кәрі болдым, ұлық болдым», – деп ел бірлігі мен тыныштығы үшін күресуді басты мақсат қылғанын көрсетеді [17, 126].

Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған ескерткіштерінде жалпы түркілік мемлекеттік идеология қамтылып, ғасырлар бойы ортақ тарихы мен шығу тегі жағынан ортақ мәдениеті болған түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігінің кепілі ретіндегі орталықтандырылған мемлекеттіліктің тұжырымдамасы берілді. Онда «халық», «мемлекет», «бостандық», «тәуелсіздік» қасиетті ұғымдарына байланысты Түрік қағанатын құрушылардың таусылмас күш-жігері мен қуатының негізі қаланған. Мұндай айбынды мемлекет дәл сол тұста бірен-саранды. Ал алып елге ең қажеті ішкі бірлік болатын. Мемлекеттік бірлік – ортағасырлық түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясының түпқазығы еді. Сондықтан данышпан Тоныкөк «тұтас түркі елі» идеясы арқылы «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын мұрат тұтты. Олар нақ осы идеологияны жүзеге асыру мақсатында іс-әрекет етті

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол // Егемен Қазақстан. – 2014. – 12 қараша.
2. Жолдасбеков М. Сейдімбеков А., Қойшығара С. Елтұтқа. Алматы: Атамұра, 320 б.
3. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. – СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2003. 560 с.
4. Çandarlıoğlu G. İslam öncesi Türk tarihi ve kültürü. – İstanbul, 2013. 104 б.
5. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т. 1: – Москва-Ленинград: Издательство академии наук СССР, 1950. 380 с.
6. Бартольд В.В. Сочинения. Т. V. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – Москва: Издательство Наука, 1968. 759 с.
7. Бартольд В.В. Сочинения. Т. IX. Работы по истории востоковедения. – Москва: Издательство Наука, 1977. 966 с.
8. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхон-енсейских тюрок VI – VIII веков. М-Л., 1946. – 204 с.
9. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Т. 2. – Ленинград. 1926. – 896 с.
10. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. 480 б.
11. Стеблева И. Поэзия тюрок VI – VIII веков. – Москва: издательство Наука, 1965. – 146 с.
12. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2007. 360 б.
13. Сыздықов С. Қарлұқ – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. 320 б.
14. Сыздықов С.М. Қарлық мемлекетінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақпарат, 2000. 216 б.
15. Таşağıl A. Gök-Türkler. I-II-III Cilt. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 2014. 473 s.
16. Смағұлов Н.Б., Ташағыл А. //ҚарМУ Хабаршысы. Тарих, философия сериясы. – 2015. – №3 (75). 284 б.
17. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 2-кітап (түпнұсқа, оқылымы, аудармасы, түсініктемесі) – Алматы: Абзал-Ай, 2012. 324 б.
18. Тарих – адамзат ақыл ойының қазынасы: Он томдық. – Т. 10: Түркі халықтарының тарихи ойы. – Астана: Фолиант, 2006. – 392 б.
19. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-пресс, 2002. 338 с.
20. Таşağıl A. Kök Tanrı'nın Çocukları. – İstanbul: Bilge Kültür Sanat, 2015. -368 s.
21. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. М-Л: изд. АН СССР, 1951. – 451 с.

22. Абжанов Х.М. Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология. – Петропавл: Полиграфия, 2011. – 364 б.
23. Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
24. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 480 б.
25. Жолдасбеков М. Асыл арналар. I том. Зерттеулер. Мақалалар. – Астана: Күлтегін, 2012. – 344 б.
26. Сыздықов С. Мәңгілік Ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.
27. Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Екінші кітап. Орхондағы түркі руна жазба дастандары. Оқу құралы. Алматы: Білім, 2008. – 409 б.
28. Сартқожаұлы Қ. «Мәңгілік Ел» идеясы қалай туды. - // Mangi El халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, 2013. № 1. – 105 б.
29. Дүйсенов М. Жерұйық, Жиделі Байсын және Өтүкен. //Қазақ әдебиеті, №3. – 1986, 17 қаңтар. – 16 б.

УДК 94 (476)

ОРГАНИЗАЦИЯ КУЛЬТУРНОГО ДОСУГА СТАХАНОВЦЕВ КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СОВЕТСКОЙ ТРУДОВОЙ ЭЛИТЫ

(вторая половина 1930-х гг.): на материалах Белорусской ССР

Субботин Александр Александрович

subotsin@mail.ru

Старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных дисциплин УО
«Витебский государственный технологический университет», Витебск, Беларусь
Научный руководитель – Е. Лученкова

С развёртыванием стахановского движения произошли коренные изменения не только в советской экономике, связанные с повышением производительности труда, но и в обществе, где возникает новый тип передовиков – стахановцев. Стахановцы представлялись государственной пропагандой в качестве новых «знатных людей», которые завоевали своё высокое социальное положение благодаря активной трудовой деятельности. Эти герои производства, с идеологической точки зрения, противопоставлялись знати дореволюционного времени, когда высокий статус человека в обществе определялся в первую очередь его происхождением и принадлежностью к благородному сословию. На примере участников стахановского движения советское государство пыталось сформировать своеобразную трудовую элиту. Для неё планировалось создать самые качественные условия жизни, в том числе сделать более разнообразным проведение досуга.

Организация досуга стахановцев включала в себя восстановление их физических и эмоциональных сил для осуществления дальнейших трудовых рекордов, что проявилось, например, в активном предоставлении передовикам услуг курортно-санаторного отдыха. Кроме этого, проведение досуга стахановцев должно было в полной мере удовлетворить их социальные и духовные потребности. В гуманитарных дисциплинах эта часть свободного времени определяется как «культурный досуг». Он связан с созданием или воспроизводством культурных ценностей и личностным развитием индивида [1, с. 16]. Посредством организации культурного досуга предполагалось осуществить духовно-эстетическое и идейное развитие стахановцев, на основании чего также формировался их образ лучших представителей рабочего класса. Рассмотрим особенности данного процесса